

«Порядок и право» №21 (549) 28 мамыр 2015ж.

### **«Нұрлы жол» жарқын болашақ бастауы.**

Міне, биыл тәуелсіз ел болғанымызға жиырма үш жыл болып, егеменді еліміз тәй тәй басқан балалықтан екі аяғын тең, нық басқан тұлғалы, басқа елдермен иық теңестіре алатын дәрежеге көтерілдік. Мұны қазіргі кезде бүкіл әлем мойындап отыр деуге болады. Осыған дәлел бола алатын тағы бір үлкен қадам, көптеген елдердің құлағын елең еткізген Елбасымыздың қараша айындағы «Нұрлы жол» халыққа арнаған жолдауы болды. Көрегенді Көшбасшымыз бүгінде бүкіл әлем жаңа сындармен және қатерлермен бетпе-бет келіп отырған геосаяси дағдарыс кезеңінде кейбір позицияларды жедел түрде қайта қарап, сондай-ақ, алдағы кезеңдердің жоспарларына түзетулер енгізу қажеттігін баса айтып, теріс үрдістердің алдын алу үшін барлық ықтимал шараларды жедел қабылдауға шешім қабылдады. Үкімет алдына оңай емес, алайда, нақты міндет – барлық әлеуметтік міндеттемелерді толық көлемінде қамтамасыз ету міндеті қойылып отыр.

«Нұрлы жолдың» шапағаты өз тағдырын туған жерінің, Отанының тағдырынан бөліп қарамайтын, өз болашағын Қазақстанның жарқын болашағымен байланыстыра болжап, келешегіне үлкен үмітпен қарайтын жандардың жүрегіне үміт отын жақты. Әсіресе, 2015 жылға арналған халыққа жаңа Жолдаудың алтыншы бағытында Әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамытуға көңіл бөлінді. Білімнің негізі мектептен қаланатын болғандықтан бірінші кезекте апатты мектептер мен үш ауысымда оқыту проблемаларын шешу – басты, өзекті мәселе деп атап көрсетті. Үшжылдық бюджетте қарастырылған қаржы бұл проблеманы 2017 жылға дейін шешуге мүмкіндік бермейтіндіктен Үкіметке қосымша 70 миллиард теңге бағыттау тапсырылды. Бұл шаралар әрине, жоғары оқу орындарына білім алуға келуші түлектердің білім деңгейінің жоғары сапалы болуына ықпал етеді. Ал ол өз кезегінде біздің оқу орындарымыздан жан жақты кәсіби дайындалған, өз ісін жетік білетін білікті мамандардың даярланып шығуына мүмкіндік береді. Сондықтан осы мақсаттарға сәйкес жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасын қалыптастыру тапсырылды. Осы бағыттар білім беру саласын дамытуға септігін тигізіп қана қоймай, оларға жүктелетін жүктің ауырлығын да білдіріп, жауапкершілікті арттырады. Мұны біздің Академиямыздың оқытушылары мен тыңдаушылары да жақсы сезінеді. Жолдау жарияланған сәттен бастап «психолог», «әлеуметтік қызметкер», «құқық қорғау қызметкерлері» мамандығы бойынша білім алып жатқан тыңдаушылар еліміздің бас бағдарламасын қызу талқылауға кірісті. «Нұрлы жол» болашақ жас мамандардың армандарына арман қосып, қиялына қанат жалғады, алда күтіп тұрған қиындығы мен қызығы мол қызметті абыройлы атқаруға құлшыныстарын арттырды. Ертеңгі күнге деген нық сенімдерін бекітті. Бұған дәлел, жолдаудың бесінші тармағындағы тұрғын үй инфрақұрылымдарын нығайтуға қатысты жалға берілетін тұрғын үй құрылысына көзқарасты қайта қарау мәселесі болып табылады. Бастапқы жарнаның болмауы мен ипотека үшін төмен пайыздар баспананы қазақстандықтардың көптеген жіктері үшін

қолжетімді ете түседі. Сондықтан 2015-2016 жылдар ішінде жалға берілетін тұрғын үй құрылысын қаржыландыру қосымша 180 миллиард теңге сомасында ұлғайтылатындығы болашақта отбасын құрамыз деп жоспарлаған жас мамандарымыздың өмірлік басты арманын жүзеге асыруға септігін тигізетіндігі айқын .

Сонымен қатар, Елбасымыз 2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы деп жариялады. «Бұл жылы Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Осынау тарихи белестер Жана Қазақстандық Патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие. Біз 2015 жылды Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияладық. Елдің тұтастығы мен бірлігі, татулығы мен тыныштығы ең басты назарда. Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүйу – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні – осы!», - деп түйіндеді.

«Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз», - деген ұлағатты сөздерді біз ұстаздар өз қызметіміздің басты ұраны ретінде қабылдауымыз керек деп есептеймін. Себебі біз тек сапалы білім беріп қана қоймай, ең алдымен жас ұрпақтың тәрбиесіне жауаптымыз. Осы мақсатта «Педагогика», «Тәрбие жұмысының әдістемесі» пәндері арқылы тыңдаушыларымыздың жан жақты дамыған тұлға болып қалыптасуы үшін тәрбиенің құрамды бөліктері адамгершілік, азаматтық - патриоттық, құқықтық, еңбек, дене тәрбиелеріне баса назар аударылады. Әсіресе «Этнопедагогика», «Этнопсихология» пәндерінде Жолдауда алтын әріптермен жазылғандай мына жолдар әрбір дәрісіміздің басты мақсатына, түпқазығына айналды: «Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін – Елдің бірлігі. Ауызбіршілік қашқан, алауыздық тасқан жерде ешқашан да жалпыұлттық идеялар жүзеге асқан емес. Қазақстанның шыққан шыңы мен бағындырған биіктерінің ең басты себебі – бірлік, берекесі». Қазіргі дүрбелеңі мол дүниеде көпұлтты еліміздің ғасырлар бойы қалыптасқан тұтастығы мен бірлігін сақтап қалу тек азаматтық қана емес, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби борышы екендігін тыңдаушыларымыз да жақсы түсінеді.

Барлық елдер осы күрделі кезеңнен лайықты өте алмайды. Бұл шептен тек мықты мемлекеттер, жұдырықтай жұмылған халықтар ғана өтетін болады. Олай болса осы бір сыннан сүрінбей өту үшін өз елінің нағыз патриоты ретінде әрбір азамат өзінің Отан алдындағы борышын терең түсіне білуі өте маңызды. Ал туған елінің парызын өтеу дегеніміз әрбір тұлғаның өзінің жүрек қалауымен

таңдаған мамандығы бойынша қызметтік міндетін адал атқару, өз еңбегің арқылы тәуелсіз еліміздің дамып, өркендеуіне үлесінді қосу деп түсінуіміз керек. Егер осы ұғымдарды болашақ мамандарымыздың санасына сіңіріп, өмірлік қағидасына айналдыра білсек бұл біздің ұстаз ретіндегі өз кәсіби міндетімізді орындағандығымыздың белгісі болып табылады. Педагогика және психология ғылымында басқаға ықпал ету үшін ең бірінші өзіңнен бастау керек деген қағида бар. Олай болса жас ұрпаққа ұстаздар қауымы өзіміз үлгі болуымыз қажет. Жоғарыда айтылған қасиеттердің бәрін алдымен өзіміздің бойымыздан таба білгенде ғана жұмысымыз нәтижелі болмақ.

Нұрғаным Шаймағамбетова  
«Педагогика және психология»  
кафедрасының оқытушысы